

«ШОПОТЕРАПИЯ» атауымен өткізілетін ынталандырушы акцияны өткізу қағидалары

Өткізу кезеңі: 2026 жылғы 08 қаңтар – 21 наурыз

1. Жалпы ережелер

1.1. «Жаңа жылдық розыгрыш» атауымен өткізілетін осы ынталандырушы акция (бұдан әрі – Акция) ТРЦ «Shymkent Plaza» келушілерінің адалдығын арттыру және ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның «Smart Plaza» мобильді қосымшасына назар аударту мақсатында өткізіледі.

1.2. Акция тек маркетингтік сипатқа ие, лотерея немесе тәуекелге негізделген өзге де ойын болып табылмайды және Акцияға қатысу үшін қандай да бір төлем жасауды талап етпейді.

1.3. Акция пайда немесе өзге де табыс алу мақсатын көздемейді. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды. ТРЦ «Shymkent Plaza» аумағында сатып алынған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін төлем жасау Акцияға қатысу үшін төлем болып табылмайды.

1.4. Акция туралы ақпарат ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның ресми ресурстарында, <https://shymkentplaza-promo.kz/> акция сайтына, сондай-ақ Smart Plaza мобильді қосымшасында «ШОПОТЕРАПИЯ» акциясы бөлімінде орналастырылады.

1.5. Акция өткізу аумағы: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы.

1.6. Акция өткізу орны: ТРЦ «Shymkent Plaza».

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби алаңы, 3/1 .

1.7. ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның жұмыс уақыты: күн сайын сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін.

1.8. Акцияға қатысушыларды тіркеу уақыты мен орны:

Чектерді тіркеу онлайн режимде тәулік бойы **2026 жылғы 08 қаңтар сағат 10:00-ден бастап 2026 жылғы 21 наурыз сағат 17:00-ге дейін** жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларда көзделген барлық әрекеттер Астана уақыты (UTC +5) бойынша жасалған болып есептеледі және Ұйымдастырушы тарапынан тіркеледі.

1.9. Ұйымдастырушы осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ Акцияны уақытша тоқтата тұруға және/немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Бұл туралы Акция өткізу туралы хабарланған ақпарат көздерінде тиісті хабарлама жариялау немесе өзге де жария түрде хабарлау арқылы ескертіледі.

2. Терминдер мен анықтамалар тізімі

2.1. Акция – көрсетілген кезеңде ТРЦ «Shymkent Plaza» аумағында өткізілетін «ШОПОТЕРАПИЯ» атауымен ұйымдастырылатын маркетингтік сипаттағы ынталандырушы іс-шара.

2.2. «Қосымша» – App Store және Google Play платформаларында жүктеуге қолжетімді Smart Plaza мобильді қосымшасы, оның көмегімен Акцияға қатысу жүзеге асырылады.

2.3. Акцияны Ұйымдастырушы – ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның басқарушы компаниясы болып табылатын «TS Property Management» ЖШС (БСН 200941000217), Акцияны өткізу шарттары мен тәртібін айқындайды.

2.4. Акция Операторы – Smart Plaza мобильді қосымшасына API арқылы біріктірілген CheckPromo жеке кабинетін техникалық сүйемелдеуге жауапты «Сенд Ивент» ЖШС (БСН 221140039829).

2.5. Акцияға қатысушы (Қатысушы) – 18 жасқа толған, әрекетке қабілетті жеке тұлға, Smart Plaza мобильді қосымшасындағы Shymkent Plaza адалдық бағдарламасының жеке кабинетінде тіркелген және Акцияға қатысу шарттарын орындаған тұлға.

2.6. Акция сайты – <https://shymkentplaza-promo.kz/> интернет желісінде орналастырылған бір беттік лендинг (бұдан әрі – Акция сайты), онда Акция туралы хабарландыру, оны өткізу қағидалары, жүлделер саны, мерзімдері, алу орны мен тәртібі көрсетілген.

2.7. Жеке кабинет (ЖК) – Smart Plaza қосымшасының бөлімі, онда Қатысушы чектерді тіркейді, есептелген бонустарды қадағалайды және ТРЦ ұйымдастыратын ұтыс ойындары мен белсенділіктерге қатысады.

2.8. Жарамды чек (Чек) – Акцияға қатысу күні ТРЦ «Shymkent Plaza» аумағында берілген, келесі дұрыс деректемелерді қамтитын фискалдық кассалық чек: сатып алу күні мен уақыты, сатып алудың жалпы сомасы, фискалдық белгі, бақылау-кассалық машинаның (БКМ) салық органындағы тіркеу нөмірі (РНМ) және сатып алуды растайтын QR-код, сондай-ақ сатып алу сомасы кемінде:

- мейрамханалар, фуд-корт және Cinemaх кинотеатры үшін – 10 000 (он мың) теңге;
- электроника, турагенттіктер, зергерлік бұйымдар мен сағаттар дүкендері үшін – 60 000 (алпыс мың) теңге;
- басқа санаттағы дүкендер үшін – 30 000 (отыз мың) теңге.

Купондар санын анықтау үшін чек сомасына адалдық бағдарламасының бонустары, сыйлық карталары, сертификаттар, сыйлықтарды орау қызметтері, ұялы байланыс операторларының немесе көлік карталарының баланстарын толтыру үшін төленген сомалар есепке алынбайды. Тек тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшамен немесе банк картасымен төленген нақты сома ескеріледі.

2.9. Купон – Қатысушыға жарамды чектегі әрбір толық есептік блок үшін берілетін, жүлделер ұтысына қатысу құқығын беретін бірегей алты таңбалы сандық код. Бір Купонды алу шегі сатып алу санатына байланысты:

- 10 000 теңге – мейрамханалар, фуд-корт және Cinemaх кинотеатры үшін;
- 60 000 теңге – электроника, турагенттіктер, зергерлік бұйымдар мен сағаттар дүкендері үшін;
- 30 000 теңге – басқа санаттағы дүкендер үшін.

Бір жарамды чек бірнеше Купон алуға мүмкіндік беруі мүмкін, көрсетілген шектерге еселеніп есептеледі. Чектер қосылмайды.

2.10. Жеңімпаз – ұтыс ойыны барысында тіркелген купоны таңдалып, Жүлде алу құқығына ие болған Акция Қатысушысы.

2.11. Сәттілік дөңгелегі – әрбір 6 тіркелген чек үшін қолжетімді болатын қосымша ойын мүмкіндігі. Дөңгелекті айналдыру арқылы Қатысушы бонус ұтып алады, ол Smart Plaza қосымшасындағы аккаунтына 3 күн ішінде есептеледі.

2.12. Акцияның жүлде қоры – ұтыс нәтижелері бойынша Жеңімпаздарға берілетін барлық жүлделердің жиынтығы.

2.13. Ұтыс ойыны – 2026 жылғы 21 наурызда сағат 18:00-ден 19:00-ге дейін өткізілетін, Жеңімпаздар анықталатын іс-шара.

2.14. Рандомайзер – кездейсоқ таңдау жүргізуге арналған онлайн-сервис, <https://random-go.ru> мекенжайы бойынша қолжетімді.

2.15. Акцияға қатысушыларды қолдау қызметі – <https://shymkentplaza-promo.kz/> электрондық пошта мекенжайы. Қатысушы Акция шарттары, техникалық немесе өзге де мәселелер бойынша (соның ішінде чекті тіркеу кезінде), сондай-ақ бұрын Акцияда тіркелген чек бойынша тауарды қайтару жағдайында хабарласа алады.

3. Акцияны өткізу мерзімдері

3.1. Акцияны өткізуінің жалпы мерзімі: 2026 жылғы «08» қаңтардан «21» наурызға дейін.

3.2. Көрсетілген мерзімдер келесі кезеңдерді қамтиды:

3.2.1. Сатып алуларды жүзеге асыру мерзімі:

2026 жылғы 08 қаңтар сағат 10:00-ден бастап

2026 жылғы 21 наурыз сағат 17:00-ге дейін.

3.2.2. Ұтыс ойынын өткізу мерзімі:

2026 жылғы 21 наурыз, сағат 18:00-ден 19:00-ге дейін.

3.3. Акцияны Ұйымдастырушы Акцияның мерзімдерін өзгертуге немесе ауыстыруға құқылы, бұл туралы Қатысушыларды өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын Smart Plaza мобильді қосымшасында ақпарат орналастыру арқылы алдын ала хабардар етеді.

3.4. Акцияға қатысушыларды ақпараттандыру осы Қағидаларды Smart Plaza мобильді қосымшасында Акция өткізуінің бүкіл кезеңі бойы орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4. Акцияны Ұйымдастырушы және Оператор туралы мәліметтер

4.1. Акцияны Ұйымдастырушы – ТРҚ «Shymkent Plaza»-ның басқарушы компаниясы «TS Property Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН: 200941000217.

Ұйымдастырушы Қатысушылардың дербес деректерін өңдеуді жүзеге асырады, осы Қағидаларда бекітілген Акцияны өткізу шарттары мен тәртібін айқындайды.

4.2. Акцияның Операторы – «Сенд Ивент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН: 221140039829, Smart Plaza мобильді қосымшасына API арқылы біріктірілген Check Promo жеке кабинетінің техникалық қолдауын, Қатысушылардың чектерін тіркеу мен тексеруді, сондай-ақ Акцияның дұрыс өткізілуін бақылауды жүзеге асырады.

5. Акцияға қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Акцияға Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті, 18 жасқа толған, Smart Plaza мобильді қосымшасындағы Shymkent Plaza адалдық бағдарламасының жеке кабинетінде тіркелген азаматтары қатыса алады.

Кәмелетке толмаған тұлғаның Акцияға қатысуы және жүлде ұтып алуы анықталған жағдайда, Жүлде тек ата-анасының (заңды өкілінің) кәмелетке толмаған тұлғаның дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға берген келісімі болғанда және жүлдені табыстау кезінде ата-анасының (заңды өкілінің) жеке қатысуы шарт болғанда ғана беріледі.

5.2. Акцияға Ұйымдастырушының, Оператордың, ТРЦ жалға алушыларының қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері қатыса алмайды.

5.3. Акцияға қатысу мынаны білдіреді:

- (1) Қатысушы осы Қағидалармен танысқанын;
- (2) осы Қағидалармен толық келісетінін;
- (3) дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге келісім бергенін білдіреді.

5.4. Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.

Акция Қатысушысы Smart Plaza мобильді қосымшасындағы Shymkent Plaza адалдық бағдарламасының жеке кабинетінде тіркеу кезінде өзі көрсеткен (ашқан) мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

Smart Plaza мобильді қосымшасындағы Shymkent Plaza адалдық бағдарламасының жеке кабинетінде тіркеу барысында Ұйымдастырушы және/немесе Оператор тарапынан:

- (1) тіркелушінің жеке басын сәйкестендіру жүргізілмейтінін және/немесе
- (2) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері жиналмайтынын ескере отырып, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор тіркелуші көрсеткен деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілік алмайды.

5.5. Қатысушылардың байланыс деректері (телефон нөмірлері, мекенжайлар, электрондық пошта және т.б.) Ұйымдастырушы немесе Оператор тарапынан Акция шеңберінде байланыс орнату және Акция Ұйымдастырушысының жарнамалық науқандарын өткізу мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

5.6. Акция Қатысушысы осы Қағидаларға сәйкес Акция туралы ақпаратты Акция Ұйымдастырушысынан сұратуға құқылы.

5.7. Акция Қатысушылары Акцияға қатысуға және жүлделерді алуға байланысты барлық әрекеттерді осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде және тәртіпте орындауға міндетті.

5.8. Акция өткізу кезеңінде сатып алынған тауарды қайтару және Акцияда тіркелген чек бойынша төленген соманы қайтару жағдайында, Қатысушы жасалған қайтарым туралы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Акцияға қатысушыларды қолдау қызметінің shymkentplaza@checkpromo.kz электрондық поштасына хабарлауға міндетті.

5.9. Қайтарым туралы ақпарат уақтылы хабарланған жағдайда, Ұйымдастырушы тиісті сатып алу сомасын жояды және осы Қағидаларға сәйкес Қатысушыға есептелген купондарды қайта есептеп, жояды.

5.10. Қатысушы қайтарым туралы хабарламаған немесе 1 жұмыс күнінен кеш хабарлаған жағдайда, Қатысушыға бұрын есептелген барлық купондар жойылады, жеке кабинетке қолжетімділік бұғатталады және Қатысушы Акцияға одан әрі қатысу құқығынан айырылады.

5.11. Жеңімпаз жүлделерді алуына байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді өз бетінше төлеуге міндетті.

5.12. Акция Жеңімпаздары (немесе осы Қағидалардың 5.1-тармағында көрсетілген шарттарды ескере отырып, кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілдері) Жұлдені алу үшін Ұйымдастырушының сұратуы бойынша келесі міндетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға міндетті:

- Қазақстан Республикасы азаматының паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесі;
- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), байланыс деректері, сондай-ақ Жұлдені табыстау және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын орындау үшін қажетті өзге де ақпарат.

5.13. Акцияға қатысу осы Қағидалармен танысуды және оларға келісуді білдіреді. Қағидалармен келісім толық және сөзсіз болып табылады. Акцияға қатысқысы келетін сатып алушы Акция өткізу шарттарымен танысады және дербес деректерін өңдеуге келісімін растайды.

6. Акцияға қатысу қағидалары

6.1. Осы Қағидалардың 5-бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келетін тұлға Акцияға Қатысушы болу үшін 2026 жылғы 08 қаңтар сағат 10:00-ден бастап 2026 жылғы 21 наурыз сағат 17:00-ге дейінгі кезеңде төмендегі әрекеттерді орындауы тиіс:

6.1.1. ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның кез келген жалға алушысынан дүкен санатына сәйкес белгіленген ең төменгі шекті сомаға тең немесе одан жоғары мөлшерде сатып алу(лар) жасау, атап айтқанда:

- мейрамханалар, фуд-корт және Сinемах кинотеатры үшін — 10 000 (он мың) теңге;
- электроника, туроператорлар, зергерлік бұйымдар мен сағаттар санатындағы дүкендер үшін — 60 000 (алпыс мың) теңге;
- өзге санаттағы қатысушы дүкендер үшін — 30 000 (отыз мың) теңге.

Сатып алу чегін Smart Plaza мобильді қосымшасындағы «ШОПОТЕРАПИЯ» акциясы бөлімінде жеке кабинет арқылы жүктеу.

6.1.2. Чек тексерілгеннен кейін, осы Қағидалардың 2.9-тармағында көзделген шарттарға сәйкес есептелетін купондарды алу.

6.2. Бір Қатысушы төменде көрсетілген лимиттер мен шарттарды сақтай отырып, жеке кабинетінде чектерді тіркеуге құқылы:

6.2.1. Сатып алу Акция өткізу кезеңінде жасалуы тиіс;

6.2.2. Бір чектегі сома осы Қағидалардың 2.9-тармағында көрсетілген тиісті дүкен санаты үшін белгіленген ең төменгі шектен кем болмауы тиіс;

6.2.3. Бір чектен есептелетін купондардың ең көп саны — 10 (он);

6.2.4. Чектер бір-бірімен қосылмайды;

6.2.5. Бір дүкеннен (немесе мекемеден) бір күн ішінде тіркеуге болатын чектердің ең көп саны — 3 (үш);

6.2.6. ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның жалға алушыларына жатпайтын чектер Акцияға қатыстырылмайды;

6.2.7. Чек Қатысушының өзі жасаған сатып алуы үшін жеке алынуы тиіс, әрі Қатысушы ТРЦ «Shymkent Plaza» аумағында жұмыс істейтін қызметкер болмауы керек;

6.2.8. Чек сомасын есептеу кезінде бонустармен, сыйлық карталарымен, сертификаттармен және өзге де ақшалай емес есеп айырысу түрлерімен төленген сомалар ескерілмейді;

6.2.9. Әрбір 6 (алты) валидті чек тіркелгеннен кейін Қатысушы Smart Plaza мобильді қосымшасында «Сәттілік дөңгелегін» бір рет іске қосу мүмкіндігін алады және виртуалды бонус ұтып ала алады. Ұтып алынған бонустар Қатысушының қосымшадағы есепшотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде есептеледі.

7. Ұйымдастырушының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

7.1. Ұйымдастырушы Акцияны осы Қағидаларға сәйкес өткізуге және Қатысушылардың Жұлделерді Акция шарттарына сәйкес алуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7.2. Ұйымдастырушы төмендегі жағдайлар үшін жауапкершілік алмайды:

7.2.1. Чектерді жүктеу кезінде жіберілген қателіктер және оқылмайтын фотосуреттер үшін;

7.2.2. Өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау, сондай-ақ Акцияға қатысуға байланысты Қатысушылардың тікелей немесе жанама, ерекше залалдары үшін, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор) салдарынан туындаған болса. Мұндай жағдайларда Ұйымдастырушы Қатысушылардың залалдарын өтеуге міндетті емес;

7.2.3. Акция Қатысушысы ұсынған мәліметтердің шынайы болмауы үшін. Дұрыс емес деректер үшін жауапкершілік толықтай Қатысушыға жүктеледі;

7.2.4. Қатысушыдан қажетті мәліметтердің алынбауы үшін, оның ішінде пошта қызметтерінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, техникалық ақаулар және/немесе Интернет желісіндегі немесе Акция өткізу барысында пайдаланылатын байланыс арналары арқылы жасалған алаяқтық әрекеттер салдарынан, сондай-ақ Қатысушы көрсеткен байланыс деректерінің (телефон нөмірі, аты-жөні және өзге деректер) қате немесе өзекті болмауына байланысты байланыс орнату мүмкін болмаған жағдайда;

7.2.5. Smart Plaza мобильді қосымшасындағы техникалық ақаулар үшін;

7.2.6. Қатысушы тарапынан дұрыс емес деректер көрсетілуіне байланысты Жұлдені алу мүмкін болмаған жағдайда;

7.2.7. Осы Қағидаларды Ұйымдастырушының бұзуымен байланысты емес кез келген мән-жайлар үшін, сондай-ақ Акция Қатысушыларының (немесе әлеуетті Қатысушыларының) әрекеттері (әрекетсіздігі) мен қателіктері үшін.

7.3. Ұйымдастырушының келесі құқықтары бар:

7.3.1. Акцияны осы Қағидаларда айқындалған шарттармен өткізуге;

7.3.2. Егер Қатысушы (немесе оның атынан басқа тұлға) Акция барысында техникалық, бағдарламалық немесе осы Қағидаларда көзделмеген өзге де тәсілдер арқылы Акция нәтижелеріне әсер етуге тырысса, сондай-ақ кез келген алаяқтық әрекеттер жасаған жағдайда, Қатысушыны Акцияға қатысудан кез келген кезеңде себептерін түсіндірмей шеттетуге;

7.3.3. Қатысушы Акция шарттарын сақтамаған, өзі туралы ақпаратты ұсынбаған, дұрыс емес немесе уақтылы емес ақпарат берген немесе осы Акция өткізу Қағидаларын өзге де жолмен бұзған жағдайда, себептерін түсіндірмей Жүлде беруден бас тартуға;

7.3.4. Ұтыс нәтижесінде шартты түрде Жеңімпаз деп танылған Қатысушы осы Қағидалардың барлық талаптарын орындамаған жағдайда, Жүлдені беруден бас тартып, Жүлдені қайта ұтысқа салуға;

7.3.5. Акцияға қатысудан шеттетілген Қатысушылардан электрондық пошта, әлеуметтік желілер немесе өзге тәсілдер арқылы келіп түскен шағымдарға, сұрақтарға және өзге де хабарламаларға жауап бермеуге;

7.3.6. Акция туралы жарнамалық және өзге де материалдарды «Интернет» желісінде және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға; Қатысушылармен сұхбаттар өткізуге; Жұлделерді табыстау процесінде фото және бейнетүсірілім жүргізуге және алынған материалдарды Ұйымдастырушының сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларында, бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық мақсатта Қатысушыға қандай да бір сыйақы төлемей пайдалануға;

7.3.7. Акцияны өткізу туралы хабарланған дереккөздерде тиісті хабарландыру жариялау арқылы немесе өзге де жария тәсілмен Акцияны уақытша тоқтатуға және/немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға;

7.3.8. Осы Қағидаларға өзгерістер енгізуге, оларды міндетті түрде Smart Plaza мобильді қосымшасында жариялай отырып.

8. Акцияның жүлде қоры

8.1. Акцияның жүлде қорын Акцияны Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша қалыптастырады және ол ТРЦ «Shymkent Plaza» жалға алушылары ұсынған жүлделерден, сондай-ақ Smart Plaza қосымшасындағы бонустардан тұрады. Жұлделердің толық атауы мен саны ұтыс өткізілетін күні белгілі болады.

8.2. Акция аясында ұтысқа салынатын негізгі жүлделер:

8.2.1. ТРЦ жалға алушыларынан сертификаттар мен тауарлар.

Жұлделердің толық және түпкілікті тізімі 2026 жылғы 21 наурызда, ұтыс өткізілетін күні жарияланады.

Егер Жеңімпаз жүлдені оның қолданылу мерзімі ішінде пайдаланбаса, Акцияның Операторы және/немесе Ұйымдастырушысы жүлденің (сертификаттың, турдың) құнын өтемейді, оны алмастырмайды және қолданылу мерзімін ұзартпайды.

8.3. Осы Акция шеңберінде көзделген кез келген жүлденің орнына оның ақшалай баламасын төлеуге жол берілмейді.

8.4. Егер жүлде сертификат болып табылса, оны пайдалану сертификатты берген жалға алушы белгілеген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Сертификаттың номиналынан асатын тауарлар немесе қызметтер құны Жеңімпаз тарапынан дербес төленеді. Егер сатып алу сомасы сертификат сомасынан аз болса, қалдық қаражат қайтарылмайды.

8.5. Қатысушы жүлдеден бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда жүлде талап етілмеген болып есептеледі және Ұйымдастырушы оны өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

8.6. Ұтыс күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Жеңімпаздар талап етпеген жүлделер өтелмейді және ауыстырылмайды.

8.7. Ұтыс күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде талап етілмеген жүлделер Акция Ұйымдастырушысының меншігінде қалады және болашақ акцияларда пайдаланылуы мүмкін.

8.8. Бір Қатысушы тек бір ғана Бас жүлдені ұтып ала алады (осы Қағидалардың 8.2.1. және 8.2.2.- тармақтары). Өзге жүлделердің (8.2.3-тармақ) санына шектеу қойылмайды.

8.9. Егер ұтыс өткізу сәтінде Акцияға қатысу шарттарының барлығын орындаған Қатысушылар саны осы Қағидаларда көзделген жүлделер санынан аз болса, Ұйымдастырушы жүлделерді нақты қатысушылар санына тең мөлшерде ғана ұтысқа салады. Пайдаланылмаған жүлделер ұтысқа салынбайды және Ұйымдастырушы тарапынан өз қалауынша таратылмайды.

9. Ұтыс өткізу және жүлделерді алу тәртібі

9.1. Акцияның жүлде қорын ұтысқа салу 2026 жылғы 21 наурызда, сағат 18:00-ден 19:00-ге дейін ТРЦ «Shymkent Plaza» өткізіледі.

9.2. Ұтыс ашық түрде, <https://random-go.pro> мекенжайында қолжетімді рандомайзер қызметін пайдалану арқылы жүргізіледі. Қатысушыларға тіркелген барлық купондар дерекқорынан жеңімпаз купондардың нөмірлері кездейсоқ тәртіппен таңдалады.

9.3. Ұтыстың тікелей трансляциясы ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның ресми Instagram аккаунтында жүргізіледі.

9.4. Бейнежазбаға сілтеме және ұтыс нәтижелері Акция сайтына, Smart Plaza қосымшасына және ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның ресми Instagram аккаунтына жарияланады.

9.5. Қатысушының ұтысқа қатысу барысында жеке қатысуы жүлдені алу үшін міндетті шарт болып табылмайды.

9.6. Ұтысқа қатысып отырған Жеңімпаздар жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен және осы Қағидаларда көзделген өзге шарттарды сақтаған жағдайда, жүлделерін ұтыс аяқталғаннан кейін бірден ала алады.

9.7. Ұтысқа қатыспаған Жеңімпаздар ұтыс нәтижелері туралы Ұйымдастырушы тарапынан Жеке кабинетте көрсетілген байланыс деректері бойынша ұтыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

9.8. Қатысушы жазбаша хабарлама беру арқылы сыйлықтан бас тартуға құқылы.

9.9. Ұтып алынған жүлдені ұтыс өткізілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде ТРЦ «Shymkent Plaza»-ның Ақпараттық қызметінен (ресепшеннен) жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы алуға болады. Егер Жеңімпаз жүлдені алып кетпесе, жүлде Ұйымдастырушының меншігінде қалады. Ұйымдастырушы 2026 жылғы 06 сәуірден кейін жүлдені басқа акция аясында қайта ұтысқа салуға құқылы.

9.10. Әрбір купон тек бір рет ұтысқа салынып, жеңімпаз деп танылуы мүмкін. Белгілі бір жүлде бойынша жеңімпаз деп танылған купондар осы Акция аясындағы келесі ұтыстардан алып тасталады.

9.11. Акция нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

10. Дербес деректер

10.1. Қатысушы Акцияны өткізу, бонустарды есептеу және Қатысушылармен байланыс орнату мақсатында Ұйымдастырушы мен Оператордың дербес деректерді өңдеуіне келісім береді.

10.2. Дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Smart Plaza қосымшасының құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

10.3. Акцияға қатысу арқылы Қатысушылар Оператордың, Ұйымдастырушының, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғалардың дербес деректерді рұқсатсыз таратудан қорғау жөніндегі қажетті шараларды сақтай отырып, Қатысушының сауалнамада көрсетілген дербес деректерін Акцияны өткізу мақсатында, сондай-ақ Ұйымдастырушы және/немесе оның уәкілетті өкілдері тарапынан Акцияға қатысты Қатысушылармен байланыс орнату үшін жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, таратуға (оның ішінде беруге, трансшекаралық беруге), иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, сондай-ақ өзге де заңды тәсілдермен өңдеуге құқылы екенін растайды.

Келісім Қатысушы тіркеу кезінде өзінің дербес деректерін ұсынған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады. Келісім Қатысушының жазбаша өтініші негізінде кез келген уақытта кері қайтарып алынуы мүмкін.

10.4. Акцияға қатысу Қатысушылардың Акцияны өткізуге, Жеңімпаздарды жариялауға, сондай-ақ жарнамалық мақсаттарда, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Интернет» желісіндегі сайттарда (соның ішінде әлеуметтік желілерде) жариялау үшін Ұйымдастырушы тарапынан Қатысушылар мен Жеңімпаздардың дербес деректерін ашуға келісім бергенін білдіреді.

10.5. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушының және ол уәкілеттік берген тұлғалардың төмендегілерге құқылы екендігіне өзінің келісімін растайды:

Акцияны өткізу, Жеңімпаздарды жариялау, сондай-ақ жарнамалық мақсаттарда, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Интернет» желісіндегі сайттарда (соның ішінде әлеуметтік желілерде) жариялау үшін Акция Қатысушылары мен Жеңімпаздарының дербес деректерін ашуға;

Қатысушыны Акцияны өткізуге байланысты жарнамалық, ақпараттық және өзге де жария іс-шараларға, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, радио мен теледидарда сұхбаттарға қатыстыруға;

Акцияға байланысты жарнамалық және/немесе ақпараттық материалдарды жасау мақсатында Қатысушының фото- және бейнетүсірілімін жүзеге асыруға және алынған материалдарды кез келген заңды тәсілмен, оның ішінде баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілерде Қатысушыдан қосымша келісім алмай және қандай да бір сыйақы төлемей пайдалануға.

10.6. Қатысушының қатысуымен жасалған осындай жарияланымдар мен материалдарға барлық айрықша құқықтар Ұйымдастырушыға тиесілі болады.

10.7. Қатысушы өзінің дербес деректерін кері қайтарып алу салдарынан Акцияны өткізуге байланысты іс-әрекеттердің орындалмауы жағдайында Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Барлық чектер түпнұсқалығына тексеріледі, жүйеде тіркеледі және Акцияға қайтадан қатысуға жіберілмейді.

11.2. Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушыларының осы Акцияны өткізу Қағидаларымен толық танысқанын және олармен толық әрі сөзсіз келісетінін білдіреді.

11.3. Ұйымдастырушы мен Оператор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Акцияға қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздерге немесе өзге де байланыс түрлеріне түспейді.

11.4. Барлық Қатысушылар Акцияға қатысуына байланысты өздері көтерген барлық шығыстарды дербес түрде төлейді.

11.5. Акцияны өткізу барысында Қатысушының үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуына байланысты Ұйымдастырушыға үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір талаптар қойылған жағдайда, мұндай дауларды өз бетінше шешу жауапкершілігін Қатысушы өзіне алады.

11.6. Акцияға қатысты барлық даулы мәселелер (оның ішінде сот тәртібімен шешілетіндері) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша реттеледі.

11.7. Осы Қағидалар Акцияға қатысу тәртібін реттейтін жалғыз ресми құжат болып табылады. Осы Қағидаларды екіұшты түсіндіруге мүмкіндік беретін жағдайлар туындаған және/немесе Қағидалармен реттелмеген мәселелер болған жағдайда, мұндай түсіндіру және/немесе түсіндірме беру жөніндегі түпкілікті шешім тікелей және айрықша түрде Акция Ұйымдастырушысы тарапынан қабылданады.

11.8. Қажет болған жағдайда Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға ұсыну үшін Қатысушылардан қажетті ақпаратты талап етуге құқылы.

11.9. Акция Жеңімпаздары Ұйымдастырушы сұратқан, Приздерді табыстау және алу процесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын орындауға байланысты барлық қажетті құжаттарға қол қоюға міндеттенеді.

11.10. Ұйымдастырушы осы Қағидаларға, сондай-ақ Акцияны өткізу процесіне, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, төмендегілерді өзгертуге біржақты тәртіпте, өз қалауы бойынша және кез келген уақытта өзгерістер енгізуге құқылы: жүлде қорының құрамы; Қатысушыларды және олардың сатып алуларын тіркеу шарттары; ұтыс ойынын өткізу тәртібі, қағидалары және нәтижелері.

Осы Қағидалар орыс және қазақ тілдерінде дайындалған. Мәтіндер арасында қайшылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі Қағидалар басым күшке ие болады.

1. Общие положения

- 1.1. Настоящая стимулирующая акция под названием «Новогодний розыгрыш» (далее - Акция) проводится в целях повышения лояльности посетителей ТРЦ «Shymkent Plaza» и привлечения внимания к приложению «Smart Plaza» ТРЦ «Shymkent Plaza».
- 1.2. Акция носит исключительно маркетинговый характер, не является лотереей либо иной игрой, основанной на риске, не требует внесения платы за участие
- 1.3. Акция не преследует цели получения прибыли, либо иного дохода. Плата за участие в Акции не взимается. Оплата покупок или услуг, приобретенных в ТРЦ «Shymkent Plaza», не является платой за участие в Акции.
- 1.4. Информация об Акции размещается на официальных ресурсах ТРЦ «Shymkent Plaza», на сайте акции <https://shymkentplaza-promo.kz/>, а также в мобильном приложении Smart Plaza, в разделе акции «ШОПОТЕРАПИЯ».
- 1.5. Территория проведения Акции: Республика Казахстан, г. Шымкент.
- 1.6. Место проведения Акции: ТРЦ «Shymkent Plaza». Адрес: Республика Казахстан, город Шымкент, пл. Аль-Фараби 3/1.
- 1.7. Часы работы ТРЦ «Shymkent Plaza»: ежедневно с 10 часов 00 минут до 22 часов 00 минут.
- 1.8. Время и место регистрации участников Акции: Регистрация чеков осуществляется онлайн круглосуточно в период **с 10:00 08 января 2026 года до 17:00 21 марта 2026 года**. Все действия, предусмотренные Настоящими Правилами, считаются совершенными и фиксируются Организатором по времени Астаны (UTC +5).
- 1.9. Организатор оставляет за собой право вносить изменения и дополнения в Настоящие Правила, а также временно приостановить и/или досрочно прекратить проведение Акции, опубликовав в источниках, с помощью которых сообщалось о проведении Акции, соответствующее сообщение или иным способом публично уведомить о таком прекращении.

2. Список терминов и определений

- 2.1. Акция - стимулирующее мероприятие маркетингового характера «ШОПОТЕРАПИЯ», проводимое в ТРЦ «Shymkent Plaza» в указанный период.
